

«Елікті ауылның ЖОББМ» КММ

**2023-2024 оқу жылдарынан бірінші
жартыжылдығы**
мектеп кітапханасының жұмысы
туралы есебі

"Елікті ауылның жалпы орта білім беретін мектебі"

2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығы

мектеп кітапханасының жұмысы туралы есебі

2023 – 2024 оқу жылында мектеп кітапханасының жұмысы міндеттерді орындауда бағытталған:

- жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеудің барлық нысандары мен әдістеріне жәрдемдесу, оның ақыл-ой, адамгершілік, эмоционалдық және физикалық дамуы үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау;
- оқушылар мен педагогтарға кітапханалық және ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету арқылы оқу-тәрбие процесін және өзін-өзі тәрбиелеуді қамтамасыз ету;
- оқушылардың оқу мәдениетін, кітапқа деген сүйіспеншілігін, кітапхананы пайдалана білуін тәрбиелеу. Оқушыларға шығармашылық ойлауды, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттерді дамыту, оқу бағдарламаларын сәтті игеру үшін әдебиеттерді жүйелі оқуға деген қажеттілікті ояту;
- оқушылардың ақпараттық мәдениетін тәрбиелеу;
- электрондық білім беру ресурстарын пайдалану; - педагогикалық әдебиетті насиҳаттау арқылы мұғалімдердің, тәрбиешілердің әдістемелік, педагогикалық шеберлігін арттыруға жәрдемдесу;
- оқырмандарға сапалы қызмет көрсету үшін дәстүрлі технологияларды жетілдіру және жаңа кітапханалық технологияларды игеру;

Кітапхананың жұмыс жоспарында қойылған міндеттерді орындаі отырып, мақсаттарға қол жеткізілді:

- білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты пайдаланушыларға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету, олардың мемлекет кепілдік берген кітапхана-ақпараттық ресурстарды еркін және тегін пайдалану құқықтарын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асыру,
- пайдаланушылардың барлық санаттарына кешенді кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, олардың ақпараттық, мәдени және тілдік әртүрлілік контекстінде ақпаратқа, білімге, идеяларға, мәдени құндылықтарға еркін және қауіпсіз қол жеткізуін қамтамасыз ету,
- азаматтық өзін-өзі тануға тәрбиелеу, білім алушыларды әлеуметтендіруге, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесу,
- білім алушылардың мәдени және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жүйелі окуын ұйымдастыру,
- көпмәдениетті қоғамда мәдениетаралық диалогты дамыту және мәдени тіл топтары өкілдерінің бейімделуі үшін білім алушылардың қызығушылықтарын,

қажеттіліктерін, жас ерекшеліктерін, психофизикалық, ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, кітапхана жағдайында оқуға және тұлғааралық қарым-қатынасқа байланысты бос уақытты ұйымдастыру.

Міндеттерге қол жеткізу үшін балаларды оқыту үдерісіндегі кітапхананың басты міндеті білім алушыларды республикалық оқулықтар тізбесіне сәйкес келетін оқулықтармен қамтамасыз ету болып табылады.

2023-2024 оку жылына арналған білім алушылар контингентіне сәйкес оқулықтармен 100% қамтамасыз ету үшін.

Оку жылының басында кітап қоймасында бар оқулықтар берілді, Зеренді ауданының мектеп кітапханаларымен оқулықтармен алмасу жүзеге асырылды және қамтамасыз ету пайызы:

№ п/п	Класс	Обеспеченность учебниками %
1	1 а, б	100
2	2 а	100
3	3 а, б	100
4	4 а	100
5	5 а, б	100
6	6 а, б	100
7	7 а	100
8	8 а	100
9	9 а	100
10	10 а	100

Мектеп кітапханасында оқырмандар формулярларының картотекасында (07-18 істер номенклатурасына сәйкес) есепте тұрады:

білім алушылар- 104формуляр,

педагогикалық персонал- 33 формуляр,

Барлығы 137 данадан тұратын оқырман формуларынан тұрады.

Оку жылының басынан бастап "Елікті ауылдының жалпы білім беретін мектебінің" кітапханасында статистикалық есеп мынадай есепке алу нысандарында көрсетіледі:

1. Үлгілік ережелер
2. Нормативті регламент белгілейтін құжаттар
3. Кітапхана жұмысының жылдық жоспары.
4. Кітапхана жұмысының есептері
5. Оқулықтар қорындағы қозғалыстардың актілері
6. Қорды есепке алу инвентарлық кітабы
7. Оқулықтарды тіркеу журналы
8. Кітаптар мен оқулықтарды есептен шығару актілері
9. Электронды оқулықтарды тіркеу журналы.
10. Кітапхана қорының жинақталған есебін жүргізу кітабы
11. Берілген оқулықтарды тіркеу журналы
12. Жөнелтпе құжаттары
13. Мектеп кітапханасының жұмыс күнделігі
14. Сыйлық басылымдарын есепке алу
15. Инспекторлық тексерістердің актілері
16. Көпшілік іс шаралар папкасы
17. Кітапхананы қабылдау беру папкасы

Оқушыларды оқуға тарту үшін кітап қорын ашу бойынша жұмыс жүргізілуде.
Мерейтойлық күндерге тақырыптық сөрелер мен ашық көріністер жасалады,
балалар үшін шолулар өткізіледі:

1. «Жарық жүлдyzдар» атты Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына, Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына, Оралхан Бекейдің 80 жылдығына, Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына, Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған кітап көрмесі өткізілді.
2. Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде жүлделі 2-орынды иеленген 10 сынып оқушысы Мустафина Алжан және 3-орын иеленген 10 сынып оқушысы Кулахметова Тамила марапатталды.
3. 17 қазанда Республика күніне орай мектеп кітапханасында "Халық бірлігінің ұлы күші" атты кітап көрмесін дайындауды. Көрмеде жалпы республика, оның дамуының негізгі кезеңдері, тарихи күндер, КР көрнекті қайраткерлері туралы жарқын және мазмұнды кітаптар ұсынылды, олар бір-бірін толықтырды және Қазақстан Республикасының тарихына сырттай саяхаттың жолсеріктері болды

- 4.Мектеп Кітапханасында «Жаңа түскен көркем әдебиетә көрмесі өткізілді.
5. Мектеп кітапханасында әр сәрсенбі сайын мақал-мәтел айту күні өткізіледі.
6. «Біздің мектеп мұғалімдерің балалық шақтағы сүйікті кітаптары» атты челленджарқылы сұхбат алынды.
7. « Кекжиек-Горизонт» баспа насының «Үздік Кітапханашы-2023» алғашқы Республикалық байқауы мектеп және колледж кітапханашылары арасында өткізілді. Елікті ауылшының ЖОББМ Кітапханашысы 3- дәреже дипломмен марарапатталды.
8. Қожа Ахмет Яссави 930 жыл туғанына арналған кітап көрмесі өткізілді.
9. Қазақ халқының жазушысы-драматург Оралхан Бекейдің 80 жыл туғанына арналған көрме , видео-бейне көрсетілді.